

**"Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 90 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі міндетін атқарушысының 2012 жылғы 17 шілдедегі № 222 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 7 қарашадағы № 260 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 13 қарашадағы № 302/НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 желтоқсанда № 8945 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 405-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 76 бірлескен бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 04.09.2024 № 405-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 17.09.2024 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 90 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушысының. 2012 жылғы 17 шілдедегі № 222 бірлескен бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 7867 болып тіркелген, 2012 жылғы № 19 Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тексеру парағының нысанында:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке сәйкестендіру нөмірі, Бизнес сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Талдау және стратегиялық жоспарлау департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін;

2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми жариялануын, жарияланғаннан кейін мәліметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Заң қызметі департаментіне ұсынсын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі

Қазақстан Республикасының  
Өңірлік даму министрі

\_\_\_\_\_ М. Құл-Мұхаммед \_\_\_\_\_ Б. Жәмішев